

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫ

1. Семинар сабағының тақырыбы. ФИРМАНЫҢ СЫРТҚЫ ОРТАСЫН ТАЛДАУ

2. Сабақтың мазмұны:

4.1 Фирманың сыртқы ортасын талдаудың мақсаты және оның маңызы.

4.2 Бәсекелестердің мықты және әлсіз жақтарын бағалау

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: Мақсаты: студенттерді маркетингті басқарудың негізгі категорияларымен, принциптерімен және механизмімен таныстыру; маркетингті басқарудың қолданыстағы үлгілері мен әдістерін зерттеу; стратегиялық және тактикалық маркетингті басқару дағдыларын дамыту; студенттерді маркетингті басқару саласындағы отандық және шетелдік тәжірибемен таныстыру; студенттерді маркетингті басқарудың тиімділігін бағалауға үйрету.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, есептер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі:

- *Үйге берілген тапсырманы тексеру*

- *Тақырып бойынша теориялық білімді тексеру*

- *Өзін-өзі бақылау сұрақтары:*

1.Маркетингтік ортаның мақсатын, түсінігін және құрылымын сипаттаңыз?

2.Фирманың клиенттерге қызмет көрсету қабілетіне әсер ететін маркетингтік ортаның негізгі факторлары мен әрекет етуші тұлғаларын атаңыз?

3.Макрортаны талдау мен мониторинг не үшін қажет?

4.Фирманың жұмыс істеу макрортасына не жатады, оның сипаты мен талдау әдістемесі?

5.Маркетингтік ортамен өзара әрекет ету қалай жүзеге асады?

6.Адамдар сатып алу жайлы шешімді не үшін қабылдайды – өз қалауларын қанағаттандыру үшін, өз беделін арттыру үшін?

7.Сатып алу қабілетінің деңгейіне қандай факторлар әсер етеді?